

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 681 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 13 мамырдағы N 448 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 наурыздағы № 272 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.25 № 272 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салуларды, кейбір кедендік режимдерге орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбелерін, сондай-ақ жекелеген кедендік режимдерге орналастырылған тауарлармен жасалатын операцияларды жүргізуге арналған тыйым салулар мен шектеулерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 681 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2003 ж., N 29, 284-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген тауарлар экспорты кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 17-жолмен толықтырылсын:

" 1 7 к ү р і ш 1 0 0 6 \* \* \* \* " ;

мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"\*\*\*\*\* 2008 жылғы 1 желтоқсанға дейін қолданылады."

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті осы қаулының 1-тармағын орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі екі апта мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметі сыртқы сауда қызметін реттеу жөнінде қабылдайтын шаралар туралы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Интеграциялық комитетінің хатшылығына хабарласын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті , Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі ( келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі өз құзыреттері шегінде күрішті (ҚР СЭҚ ТН коды 1006) экспортқа шығаруды бақылауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ